

**№2 «Айгөлек» бөбекжай балабақшасының кезектен тыс жалпы ата-аналар
жиналысының хаттамасынан көшірме**

Алға қаласы

23.01.2024 жыл

Қатысқан ата-аналар саны: 44

Қатыспаған ата-аналар саны: 35

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Күн тәртібінде Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талаптарын қатаң сақтау.
2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында мекемеде ақша жинауға тыйым салу,

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі: Б.Бердібаева сөз алып, ата-аналарды «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талаптарын қатаң сақтау керектігін және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің негізгі қағидаларын атап өтті. Сыбайлас жемқорлыққа іс-қимыл туралы ҚР Заңының (бұдан әрі-Заң) 18-бабының 2-тармағына сәйкес, мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, сондай-ақ жеке және өзге де заңды тұлғалар сыбайластық жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілері болып табылады. Заң мен сот алдында барлығының теңдігі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте көмек көрсететін азаматтардың жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Ол барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз құзыреті шегінде сыбайлас жемқорлықпен күресуге міндетті екенін хабарлады. Сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын құқық бұзушылықтардың алдын-алу туралы айтылды. Кез-келген нысанда сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу және жол бермеу, сыбайлас жемқорлыққа байланысты әр түрлі іс-әрекеттерге қарсы шығу, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында мекемеде ақша жинауға тыйым салу, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған әңгіме өткізілді. Сыбайлас жемқорлықтың белгілері орын алған жағдайда, департаменттің сенім телефонына қоңырау шалу керектігі айтылды.

ШЕШІМ:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары жүзеге асырылсын;
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы дөңгелек үстел ұйымдастырылсын.
3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында балабақшада ақша жинауға тыйым салынсын.

Балабақша меңгерушісі:

Хатшы:



Б.Бердібаева
Н.Уразғалиева